


# СЫЗЫҚТАРДЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ МАГНИТТІК МЕРИДИАН БОЙЫНША БАҒДАРЛАУ

Дайындаған: Абылхаева А. А



Тексерген: Кауметова Д. С.

# Жердің магнитосферасы




# Магниттік меридиан

- ▣ Магниттік меридиан — Магнит өрісіне тән ортақ мөлшерге келтірілген кернеу сызықтарының жер бетіндегі нақты нүкте арқылы жүргізілген проекциясы болып табылатын түзу сызық.



- Географиялық солтүстік бағыт пен геомагнитті өріс кернеулігінің жазық бағыттағы түрбөлшегі аралығындағы бұрыш магниттік ауытқу деп аталады. Географиялық ендік көрсеткіштері өскен сайын магниттік ауытқу мөлшері де өсіп отырады.
- Барлық Магниттік меридиан, күрделі қисық сызықтар түрінде Жердің оңтүстік және солтүстік магниттік полюсіне жиналады. Бақылаушы (құрал) орны арқылы өтетін және геомагнит өрісінің осы нүктедегі кернеулік векторы болатын вертикаль жазықтықты Магниттік меридиан жазықтығы деп атайды. Магниттік меридиан мен географиялық меридиан жазықтықтары аралығындағы бұрыш, яғни дәл осы маңдағы жер беті нүктесі магниттік бұрылу деп аталады. Жердің Магниттік меридианымен қатар геомагниттік меридиан ұғымы да жиі қолданылады. Ол жер бетінің қарастырылатын нүктесі арқылы өтетін жазықтық пен солтүстік және оңтүстік геомагнит полюстерін қосатын түзу сызықтың жер бетіндегі қиылысу сызығы болып табылады.




# Азимут



**Азимут - жер нысандарының немесе аспан шырақтарының азимуты — байқаудың берілген нүктесі меридианының жазығы мен осы нүкте және жер нысаны арқылы өтетін тік (вертикаль) жазықтық арасындағы бұрыш. Астрономиялық және геодезиялық азимут деп бөлінеді.**

- Азимуттық анықтау (арабша - жол, бағыт) — нүкте меридианының солтүстік жағынан шығысқа қарай ( $0^\circ$ -тан  $360^\circ$ -қа дейін) сағат тілінің бағытымен анықталады. Жергілікті жерде азимут бұрыш өлшегіш аспаптар (теодолит, буссоль және тағы да басқалары) арқылы өлшенеді.
- Азимуттық проекциялар - координаталардың сфералық жүйесінің альмукантараттарын концентрлік шеңберлермен, ал вертикальдарды осы шеңберлердің орталығынан шығатын түзулермен бейнелейтін картографиялық проекциялау; проекциядағы вертикальдардың арасындағы бұрыштар табиғи көріністегі тиісті бұрыштарға тең. Координаталардың сфералық жүйесі полюсінің қалпы бойынша азимуттық проекциялар қалыпты, көлденең және қиғаш болып бөлінеді. Қалыпты Азимуттық проекцияларда параллельдер мен меридиандар концентрлік шеңберлер мен түзулер түрінде бейнеленеді. Бұрмаланулар сипаты бойынша азимуттық проекциялар әр түрлі болады. Азимуттық проекциялардың изоколдары аль-мукантараттармен сәйкес келеді, сондықтан Азимуттық проекцияларды дөңгелек пішінді аумақтардың карталары үшін қолданылады.
- Азимутындағы қалыпты қима қисығының радиусы — әдетте Ял арқылы белгіленеді және эллипсоид бетінің берілген нүктесінің геодезиялық В ендігі мен осы нүктедегі қалыпты қиманың А азимутының мынадай функциясы болып табылады: меридиан қисықтығының және В ендігі бойымен бірінші вертикальдың радиустары; — меридиандық эллипстің екінші эксцентриситетінің квадраты.





7-сурет



# Бағдарлау сызығы

- бағытты анықтау сызығы. Бағдарлау сызығы жер бетінде және карта арқылы бағдарлауда жиі кездеседі. Бағдарлау кезінде негізгі сызық болып географиялық, магниттік және осьтік меридиандар немесе оларға параллель сызықтар алынады. Бағдарлау сызықтарының көмегімен карта бетінде жүру бағытын, елді мекендерді, нысананы және тағы да басқалары анықтауға болады.

# Назарыңызға рахмет!

